

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 290-294

«ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІНІҢ РӨЛІ»

Мустафина Арайлым Куандыковна
Қарағанды қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебінің педагогика-психология магистрі,
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі
Қарағанды қаласы

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, адамгершілік-рухани білімді бойына сіңірген саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмес деп ойлаймын.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың, әлеуметтік педагогтардың басты міндеті. Рухани-адамгершілік білім берудің негізгі мақсаты – үйлесімді дамыған және бойында адамгершілік қасиеттері бар оқушы тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыда «Өзін-өзі тану» пәні ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда пән мазмұны арқылы ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін – көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына дарыған жас ұлан келешекте бәсекеге қабілетті болатыны сенімді. Сара Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие берудің жобасын іске асыру арқасында осы міндеттер өз шешімін тапты. Жастарға адамгершілік тәрбие беру мәселесі білім беру жүйесі арқылы іске асатынына өз үмітін артады. Автор біздің қоғамымызда жалпы адамзаттық

құндылықтардың өркендеуі – мемлекетіміздің басты міндеті деп есептейді. «Өзін-өзі тану» бағдарламасы баланың отбасындағы өмірімен, отбасылық дәстүрмен танысуға мүмкіндік туғызады. Отбасы және мектеп алдындағы мақсат-міндеттер ортақ: дені сау, қабілетті, дарынды, рухани-адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу. Адамгершілік – рухани тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Өзін-өзі тану» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оларды жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық қабілетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіру. Өзекті болып отырған мәселелердің ішіндегі білім жүйесін ізгілендіруде «Өзін – өзі тану» пәні іргелі рөл атқарады. «Өзін-өзі тану – өмірді тану», – деп айтқандай көне грек философы Сократ. Басты мақсат – әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету. Өзін – өзі тану пәні әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүру үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы мен қызы болуға нағыз адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету. Қазіргі қоғам талабы да осыны көздеп отыр емес пе? Осы мақсаттарды жүзеге асыруда балалардың кішкентай кезінен ата-аналарына, туған-туысқандарына қоятын «Мынау не?», «Мынау кім?», «Неге олай?», «Неге бұлай?» деген сұрақтарына дұрыс та нақты, дәлелді де тиянақты жауап беріп, оның танымдық сұраныстарын қанағаттандыра отырып, жан – жақты тәрбиелеудің негізі осы өзін-өзі тану пәнінде жатыр. Өзін-өзі тану пәні адамның қоршаған ортаны дұрыс қабылдауынан, оларға деген дұрыс қарым-қатынасынан басталады. «Баланы – жастан» деген халық мәтелі тегін айтылмаған. Кішкентай кезінен тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, ұйымшылдыққа, отаншылдыққа тәрбиеленген бала адамгершілігі мол азамат болып шықпақ. Осындай жауапты да күрделі міндет жүктелген «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері мен балалар, ата-аналары арасында өзара түсіністік, сыйластық, бір-біріне деген құрметі бірінші кезекте тұруы, яғни өзара дос-құрбыларына, дәрежесі, құқығы тең адамдарша тілдесулері де жақсы нәтижеге жеткізеді. Осындай жағдайлардың жүзеге асуына «Өзін-өзі тану» пәні көмектеседі. Сабактың негізгі мазмұнында балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен қанағаттандыруға, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған алуан түрлі этикалық ойындар мен жаттығулар қолданылады. Балаларды мейірімділікке, достыққа, сүйіспеншілікке, сыйластыққа, түсінушілікке баулып, баланың бойында жалпы адамзаттық қасиеттерді сіңіруді көздейді.

«Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. Бүгінде бала тәрбиесінде олардың бір-біріне айтар ақыл кеңесі ауадай қажет болып отыр. Сондықтан да ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымдарының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеулерін қажет етеді.

«Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қуар» дегендей, тәрбие мен оқу қатар жүріп, дамып, өрбіп отыратын процесс. Тәрбиесіз берілген білім – ертеңгі ұрпақтың үлкен қайғысы. Сондықтан қазіргі қоғамдағы жариялық жағдайында білім мен тәрбиенің ұлтымыздың озық дәстүрлері мен тәжірибесіне негізделуіне айырықша ден қойылуы тиіс. Себебі бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға түспейді. Баланың рухани-адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлары: соғыс ойыншықтары, жат қылықты жариялайтын фильмдер, бейнетаспалар және компьютерлік ойындар бар. Сондықтан ата-аналармен жұмыс істеу әдіс-тәсілдері мен формаларын ұйымдастыруда мұғалім барынша тапқырлық танытқан жөн. Иә, осылай деп қарастырсақ та тәрбие көзі отбасынан қаланатыны шындық емес пе? Ендеше, қазақ отбасында ұлттық тәрбие ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылады. Осылайша отбасында ұлттық тәрбие халқымызда ғасырлар бойы жинақталған. Ал ұстаздар қауымына бала тәрбиелеуде ең бастысы, ата-аналармен бірігіп, оқушылар өзінің Отаны Қазақстан патриоты болуды, қарым қатынастарын нығайту, өзара сыйластық, түсінушілік, бірлікті түсіну болып табылады.

Ата-аналармен жүргізетін жұмысының формалары мен әдістері

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Осы орайда бала тәрбиелеуде өзін-өзі тану пәнінің орны ерекше. Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «Ата-аналарды тәрбиелеу» деген ұғым пайда болды. Ондағы көзделген мақсат ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кеңес, оқуды ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдіріп отыруды көздейді. Ғалымдардың айтуынша, әр елде сонымен қатар отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде сай ата – аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтанда олар мұғалімдердің ақыл – кеңестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың ұйымдастыруындағы ақыл – кеңес тек отбасы жағдайы сәтсіз ата-аналарға ғана қажет емес. Сонымен бірге отбасы тәрбиелі ата-аналарға да

керек. Себебі: қоғамның қарқынды дамуы осы бағытта жаңа талаптар қоюда. Сондықтан, ата-аналарға бала тәрбиесінде, біріншіден, педагогикалық білімдерді жинақтауға, екіншіден, олардың өздерінің тәрбиелі және дамуын міндеттейді. Егерде мектеп пен ата-аналардың тәрбиешілік өзара әрекетін бірлікте ұйымдастырса, бұл шешімін табатын міндеттер.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тағы бір формасы- педагогикалық насихат, яғни, ата-аналарға білім беру. Қазір ата-аналар және қалың бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуде болымды әсер етеді. Ата-аналардың тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ықпалы, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру – мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Сондықтан ата-ана, ұстаздар болып жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруді назарда ұстағанмыз жөн.

Жанұяға бала тәрбиесінде көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференцияларын, т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «жанұя суреті» ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шараларын өткізуге қатыстырылады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық-ойын-сауық ойындар, үйірмелік сабақтар, т.б.). Көптеген мектептерде «Ашық есік күндері» дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға, олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні: пәннің ерекшелігін ескере отырып үй жұмысын қалай орындау керек, оқушы пән бойынша оқу жұмысының қандай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде білікті көмек алады.

Жалпы ұрпаққа рухани-адамгершілік, тәлім-тәрбие беруде, оларды адами ізгі қатынастарға үйретуде, менің ойымша өзін-өзі тану пәнінің маңызы зор. Өзін-өзі тануды оқытудағы ең бастысы әр адамның қоршаған ортада өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде ықпал етіп, өзін толық іске асыруына және әрбір тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады. Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата-аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда. Олар ата-аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізеді. Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата-аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге

кажетті тәржірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата-аналарға көмектесу – тәрбиешілердің міндеті.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Ол үшін біз ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, ата-аналардың ұсыныс-пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс-пікірлермен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен дәрістер, консультациялар, сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады. Осы орайда өзін-өзі тану пәнінің мүмкіндіктері зор. М. Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең алдымен әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек».

Бала тәрбиесі қашан да кезек күттірмейтін, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болып қала бермек. Бала үшін отбасы – басты ақпарат көзі, сондықтан бала өмірді алғаш отбасының ықпалымен таниды. Сөйтіп бала өзінің ең жақын адамдары арқылы өзін қоршаған дүниені танып біледі.

Қарым-қатынастың ендігі бір маңызды қызметі – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас реттілігі. Ата-ана тарапынан балаға бақылау мен талаптарды орната отырып, баланың өзіндік мінез-құлқын, тәртібін, іс-әрекеттерін, сезімдерін реттеуге, басқаруға мүмкіндік береді. Реттегіш құралы ретінде талап, бақылау, мадақтау мен жазалау қағидалары мен отбасы дәстүрі қолданылады.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесінің алтын қазығы – туған ұясы, өз отынын басындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл – Фараби “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі” деген екен. Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата – анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл – ойы, сана – сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала ата – ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі. Жас ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Халықтық педагогикадағы ұрпақ тәрбиесіне келетін болсақ: бұрын қазақ халқының әрбір отбасы өзінің ұрпағын ақылды, ержүрек, жарамды етіп тәрбиелеуді жеке басының жұмысы деп қарамай, ұлтының, Отанының ертеңі, болашағы тұрғысынан өзінің қоғамдық борышы деп қараған. Сондықтан әрбір ата-ана баласын ар – намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүйуге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» курсының бүгінгі таңда бала тәрбиелеуде маңыздылығы өте зор. Бұл пән адамды жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағыт

ұстайды. Әрбір жеке тұлға, жеке азамат өмірдің мәнін түсініп, өзіндік орнын табуы үшін ішкі мүмкіндіктерін аша білуі қажет. Ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа жеткен халқымыздың мол мұрасы осы пән арқылы келесі ұрпаққа жетіп жатса – біздің де мақсаттарымыздың орындалғаны.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Каптерев П.Ф. Идеи о первоначальном воспитании в классическойдревности. –Спб., 1990. –180 с.
- 2.Арғынбаев Х., Құраст: Ә. Пірманов. ред. алқасы: М. Қозыбаев (бас ред.)т.б. Қазақ шежіресі хақында. –Алматы.: Атамұра, 2000, -463 б.
- 3.Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы, 2006. –193 б.
- 4.Сейтенова С. С. Абил А.С. Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмысы: әдістемелік құралы–Ақтөбе, 2017. -230 бет
- 5.Азаров Ю.П. Семейная педагогика: Педагогика Любви и свободы.- М.,1993.–с. 2006.Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика: Учебное пособиедля студентов сред.пед. учебных заведений. – 4-е изд.: -М.: Академия, 2002.-с. 150.
- 6.Жумадуллаева А.А. Отбасы-некелік тәрбие негіздері (оқулық). – Алматы,2006.8.Андреева Т.В. Семейная психология. -СПб.: Речь., 2004
- 7.Учебная программа для 1-11 классов общеобразовательных школ«Самопознание». –Алматы.: Бобек, 2010г.
- 8.Лопатина А., СкребцоваМ. Ступенимудрости.-Москва.: Амрита – Русь,2008.-200с.
- 9.Мукажанова Р.А., ОмароваГ.А.Методика преподавания дисциплины «Самопознание в школе». –Алматы.: ННПООЦ «Бобек», 2013.24.Семья и личность /Под ред. профессора Е.И. Сермяжко. -Могилев: МГУим. А.А. Кулешова, 2003.